

Ербахыт Баделгажы

философия докторы (PhD), Отгонтэнгэр университеті, Моңғолия, Улаанбаатар қ.
ORCID: 0000-0002-8143-3419 E-mail: Erbahit.tourism@gmail.com

«ҚАРҚАРА/ҚАРҚАРАЛЫ» АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІН ЛИНГВОГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Қарқара/Қарқаралы – Қазақстан жерінде кең таралған ерекше географиялық атау. Бұл топонимнің шығу тегі, мағынасы ғылыми еңбектерде тырна құсының бір түрі немесе түйе үстіне артатын қазақи бұйым ретінде, қазақ әйелдерінің дәстүрлі баскиіміне немесе тау сөзінің әр тілдегі атауына байланысты бірнеше бағытта қарастырылған. Топонимика саласында жүргізілген көптеген зерттеулерге қарамастан, бұл атаудың мән-мағынасын толыққанды түсіндіретін тұжырымның әлі қалыптаспағаны байқалады. Сондай-ақ географиялық факторлардың жеткілікті дәрежеде ескерілмеуі әдіснамалық олқылықтарға, ал жекелеген түсіндірмелер «Қарқаралы» топонимінің сакралды және тарихи маңызын бұрмалауға алып келгенін аңғартады. Осы зерттеуде «Қарқаралы» топонимі табиғаттағы географиялық құбылыстардың дыбыстық ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылып, олардың тілдік санада жер-су атауларына қалай ықпал еткені талданады. Сонымен қатар түбірлес атаулардың әлемнің 15 елінде кездесетіні анықталып, бұл топонимнің өте ерте кезеңдерден бері сақталып келе жатқандығы негізделеді. «Қарқара» сөзімен байланысты жер-су атауларының картасы жасалып, олардың кеңістіктік таралуы мен лингвогеографиялық маңызы картографиялық әдіс арқылы түсіндіріледі. Зерттеу нәтижелері ономастика, лингвогеография салаларындағы теориялық тұжырымдарды толықтырып, географиялық атаулардың пайда болу заңдылықтарын түсіндіруге үлес қосып, Қазақстан топонимдерінің электрондық базасын жетілдіруде, тарихи-географиялық карталарды әзірлеуде және географиялық атауларды жүйелеу жұмыстарында пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарының ономастика, лингвогеография және өлкетану пәндері бойынша оқу үдерісінде, арнайы курстар мен оқу құралдарын дайындауда қолдануға болады.

Тірек сөздер: Қарқаралы тауы; топоним; жер-су атаулары; атаудың шығу тегі; баскиім.

Сілтеме жасау үшін: Баделгажы Е. «Қарқара/Қарқаралы» атауының шығу тегін лингвогеографиялық тұрғыдан зерттеу. *Tiltany*m, 2026. №2 (102). 66-78-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-66-78>

Ербахыт Баделгажы

доктор философии (PhD), Университет Отгонтэнгэр, Монголия, г. Улан-Батор,
ORCID: 0000-0002-8143-3419 E-mail: Erbahit.tourism@gmail.com

ЛИНГВОГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ТОПОНИМА «КАРКАРА/КАРКАРАЛЫ»

Аннотация. Топоним Каркара/Карқаралы относится к числу своеобразных географических названий, широко распространённых на территории Казахстана. Происхождение и значение топонима «Карқаралы» в научной литературе трактуются по нескольким направлениям: как наименование одного из видов журавля, как традиционный казахский предмет, размещаемый на вьючном верблюде, как элемент традиционного женского головного убора, а также в связи с обозначениями гор в различных языках. Несмотря на наличие многочисленных топонимических исследований, ни одно из них не дало однозначного и исчерпывающего объяснения данного названия. Более того, в ряде работ выявляются методологические пробелы, обусловленные недостаточным учётом географических факторов, а отдельные интерпретации приводят к искажению сакрального и исторического значения топонима «Карқаралы». В настоящем исследовании топоним «Карқаралы» рассматривается через призму звуковых особенностей природных географических явлений и анализируется их влияние на формирование гидронимов и оронимов в языковом сознании населения. Кроме того, установлено, что родственные данному ониму топонимы встречаются на территории 15 стран мира, что свидетельствует о его сохранности с глубокой древности. В рамках исследования была составлена карта географических названий, связанных с корнем «Каркара», а их пространственное распространение и лингвогеографическое значение были интерпретированы с использованием картографического метода. Результаты исследования дополняют теоретические положения в области ономастики и лингвогеографии, а также способствуют объяснению закономерностей возникновения географических названий. Они могут быть использованы при совершенствовании электронных баз данных топонимов Казахстана, разработке историко-географических карт и систематизации географических названий. Кроме того, материалы исследования могут найти применение в учебном процессе высших учебных заведений при преподавании дисциплин по ономастике, лингвогеографии и краеведению, а также при разработке специальных курсов и учебных пособий.

Ключевые слова: гора Каркаралы; топоним; названия географических объектов; происхождение названия; головной убор.

Для цитирования: Бадельгажы Е. Лингвогеографическое исследование происхождения топонима «Каркара/Каркаралы». *Tiltanym*, 2026. №2 (102). С. 66-78. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-66-78>

Yerbakhyt Badyelgajy

Doctor of Philosophy (PhD), Otgontenger University, Mongolia, Ulaanbaatar,

ORCID: 0000-0002-8143-3419 E-mail: Erbahit.tourism@gmail.com

A LINGUOGEOGRAPHICAL STUDY OF THE ORIGIN OF THE TOPONYM “QARQARA/QARQARALY”

Abstract. Qarqara/Qarqaraly are among the distinctive toponyms found across various regions of Kazakhstan. The origin and meaning of the term “Qarqaraly” have been interpreted in multiple ways in existing literature: as the name of a crane species, a traditional Kazakh object placed on a camel, an element of traditional Kazakh women’s headwear, or as being related to the word “mountain” in various languages. Although numerous studies have examined this name from a toponymic perspective, none have provided a definitive explanation of its meaning. Moreover, many studies exhibit methodological limitations due to insufficient consideration of geographical factors, and some interpretations have inadvertently distorted the sacred and historical significance of the name “Qarqaraly”. This study examines the toponym “Qarqaraly” from the perspective of the acoustic characteristics of natural geographical phenomena and analyzes how such sound-related perceptions influenced the formation of place names within linguistic consciousness. In addition, cognate toponyms related to the onym were identified in 15 countries worldwide, providing evidence for its preservation since ancient times. A distribution map of place names associated with the root “Qarqara” was compiled, and their spatial patterns and linguogeographical significance were interpreted using cartographic methods. The results of the study contribute to and expand the theoretical foundations of onomastics and linguogeography, while also helping to explain the patterns underlying the formation of geographical names. They may be used in the improvement of electronic databases of Kazakhstan’s toponyms, the development of historical-geographical maps, and the systematization of geographical names. Furthermore, the research materials can be applied in higher education for teaching courses in onomastics, linguogeography, and local history studies, as well as in the development of specialized courses and educational materials.

Keywords: Qarqaraly mountain; toponym; place and water names; origin of the name; headdress.

For citation: Badyelgajy, E. A Linguogeographical Study of the Origin of the Toponym “Qarqara/Qarqaraly”. *Tiltanym*, 2026. No. 2 (102). Pp. 66-78. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-66-78>

Кіріспе

Қарқаралы – ірі аумақты қамтитын топонимдік атау. Қазақстанның орталық бөлігі, қазіргі Қарағанды облысына қарасты үлкен тау сілемі, Сарыарқаның шығысындағы ең биік жері 1566 м, ұзындығы 35-40 км, ені 20-25 км созылған аласа тау жоталары. Ең биігі – Ақсоран шыңы (1565 м) (Орталық Қазақстанның жер-су аттары, 1989). Бұл топоним ежелден бері сақталып келгенімен, қазір аудан орталығы, ұлттық қорық, тау, өзен-көл атауы қатарлы көптеген деңгейде пайдаланылуда. Қазіргі қолданыстағы Қарқаралы атауы Ресейдің отарлау заманында 1824 жылы құрылған сыртқы округіне атау ретінде беріліп (Қалымқұлов, 2008), одан кейін ұйымдастырылған әкімшілік бірлік атауы, қаланың аты болып қала берді. Негізінен бұл атау алғашқыда Қарқаралы тауына байланысты берілген. Яғни бұл жазық өңірдегі ірі тау жүйелерінің бірі және топонимнің қалыптасуы осы таумен тікелей байланысты.

Қарқаралы атауы тек Сарыарқа аумағында ғана емес, Қазақстанның басқа өңірлерінде де кездеседі. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында осы атаумен белгілі батпақ болса (Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы, 2004: 117), Павлодар облысының Ақтоғай ауданында Қарқаралы атты тұзды көл мен батпақ бар (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2012). Ал осы тауға негіздеген «Қарқаралы» мемлекеттік ұлттық табиғи парк Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 желтоқсандағы №1212 қаулысымен құрылды (Мазаржанова, 2018). Сонымен қатар Қарқара атты тау, өзен және елді мекен Алматы облысының Райымбек ауданында орналасқан. Біздің есептеуіміз бойынша, тау, өзен, батпақ сияқты жер-су атауларынан бөлек, бұл атау қала, археологиялық орын, ұлттық парк, көше сияқты тағы басқа нысандарды қоса алғанда, қазіргі кезде 9 түрлі атау түрінде қолданылады.

Аталған өңірде қола дәуіріне жататын қоныстар мен VI – XIII ғасырлар аралығындағы тас мүсіндер, балбалдар және басқа да тарихи ескерткіштер көптеп кездеседі. Сондықтан бұл топонимнің қалыптасу тарихын кейінгі кезеңдермен ғана байланыстыру жеткіліксіз. Оның семантикалық негіздерін көне көшпелі халықтардың табиғатты тану ерекшеліктерімен және жер-су атауларын қалыптастыру дәстүрімен сабақтастыра қарастыру қажет. Осы ұстанымды ескере отырып, «Қарқара/Қарқаралы» атауының шығу тегін ежелгі көшпенді халықтың географиялық түсінігімен байланыстырып анықтау мақсаты көзделді. Зерттеу мақсатына сәйкес мынадай екі міндет айқындалды: а) «Қарқаралы» атауының шығу тегін географиялық пішін мен географиялық құбылысты тілдік тұрғыдан бейнелеу дәстүрімен сабақтастыра талдау; ә) «Қарқаралы» атауын әлемдегі ұқсас жер-су атауларымен салыстыра зерттеу.

Материал және әдістер

Зерттеу барысында топонимдердің шығу тегі мен таралу ерекшеліктерін анықтауға бағытталған бірнеше ғылыми әдіс қолданылды.

Біріншіден, этимологиялық талдау әдісі арқылы Қарқара/Қарқаралы топонимінің құрамындағы тілдік бірліктердің шығу төркіні, бастапқы мағынасы және тарихи даму ерекшеліктері қарастырылды. Бұл әдіс атаудың семантикалық табиғатын ашуға және оның көне тілдік қабаттармен байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде Қарқара түбірімен байланысты географиялық атаулар Қазақстан аумағында және әлемнің 15 елінде кездесетін ұқсас атаулармен салыстырылып зерттелді. Әдістің мақсаты – түбірлес атаулардың тарихи сабақтастығын, таралу аймағын және олардың ортақ белгілерін анықтау.

Үшіншіден, лингвогеографиялық әдіс қолданылып, Қарқара атауымен байланысты жер-су атауларының кеңістіктік таралу заңдылықтары зерттелді. Бұл әдіс тілдік деректер мен географиялық ортаның өзара байланысын анықтауға және топонимдердің қалыптасуына әсер еткен табиғи-географиялық факторларды айқындауға мүмкіндік берді.

Төртіншіден, картографиялық әдіс арқылы Қарқара сөзімен байланысты топонимдердің таралу картасы жасалды. Картографиялық талдау атаулардың географиялық орналасуын, шоғырлану аймақтарын және тарихи көші-қон үдерістерімен байланысын көрнекі түрде көрсетуге жағдай жасады.

Бесіншіден, сипаттамалы (дескриптивтік) әдіс негізінде ғылыми әдебиеттердегі, тарихи деректердегі және географиялық материалдардағы мәліметтер жүйеленіп, топонимнің табиғаты мен ерекшеліктері кешенді түрде сипатталды.

Сонымен қатар зерттеуде табиғаттағы географиялық нысандардың дыбыстық ерекшеліктері мен олардың адам санасында бейнеленуін анықтау мақсатында семантикалық және когнитивтік талдау элементтері пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

«Қарқара» топонимінің шығу тегі туралы ғалымдар әртүрлі пікір білдіреді. Е. Қойшыбаев «Көне түр. Қарқара (қар.) тұлғасына қаз. -лы қосымшасы жалғанған атау» деген пайымдау айтқан (Қойшыбаев, 1985). Ал А. Әбдірахманов өз еңбегінде көлемді талдау жасап: «Атаудың құс атынан қойылу мүмкіндігі басым. Онда қарқара (құс) + лы (туынды сын есім жұрнағы)», – деп түйіндейді. Сонымен қатар зерттеуші мұндағы «қыра» компонентін қазақ тіліндегі жер бедерін сипаттайтын «қыр», «қырат» сөздерімен сабақтастыра қарастыруға болатынын жазған (Әбдірахманов, 1975: 159). С.М. Сыздықов «Қарқаралы-Қазылық» кітабында Қарқаралы және Қазылық сөзінің шығу тегі бір деп пайымдайды (Сыздықов, 2015).

Э.М. Мурзаев «кар» сөзінің әлем тілдерінің көбінде кездесетін «жартас, тау, жота, қыр» мағыналарында айтылатынын көрсетеді. Орта Азия, Қазақстан, Жоңғария және Моңғолияда *қара, гара, хара* – «сопка», «возвышенность», ягноб тілінде *гар* – «гора», афганша *гар/гур* – «гора», санскритше *гури* – «гора», грузин тілінде *гори* – «гора», авестий тілінде *гайри* – «гора», хотан тілінде *гар, гари* – «гора» деп көрсетіп, аталған лексемалардың орыс тіліндегі «гора» сөзімен фонетикалық ұқсастығын атап өтеді (Мурзаев, 1966: 342-343). Яғни орыс тілінен енген термин дегенді сыпайы түрде жазады.

В.М. Иллич-Свитыч атаудың екінші буынындағы «қара» сөзін араб тіліндегі *dara* – «жеке

тұрған жартас, күз» немесе «жота, шоқы, төбе», моңғол тіліндегі *har, хара* – «жал», «қыр», «жота» деген мәндегі сөз», – деген дерек келтіреді. Және алтай, үнді-европа, семит-хамит семья тілдеріндегі «тау» мәніндегі *қар/кер, гар/гер, қара/гара/гора* сөздерімен салыстырған (Иллич-Свитыч, 1971). Басқа тілдегі аудармалары салыстырмалы-тарихи талдау үшін маңызды дерек болғанымен, моңғол тіліндегі аудармада ескеретін тұстар бар. Мысалы, қазіргі моңғол тілінде «хар» сөзі негізінен «қара түс» мағынасында қолданылса, «хараа» сөзі басқа мағыналық қолданыстарға ие. Сонымен бірге моңғол тілінде «Хар уул» («Қара тау») тәрізді тіркестер жиі кездеседі.

Ғалым Ғ. Қонқашбаев «қара» сөзінің күрделі жер-су аттарының соңында келгенде шоқы немесе төбеге ұқсас биіктікті білдіретінін атап көрсетеді. Осыған байланысты зерттеуші Қазақстан аумағындағы Аманқара, Берікқара сияқты топонимдерді мысалға келтіреді (Әрінұлы, 2003).

Профессор Ж. Артықбаев Қарқаралы атауын «қарқара» сөзімен байланыстырып, оның «ерекше», «биік», «салтанатты» ұғымдарын білдіретінін жазған. Зерттеушінің пікірінше, бұл атау маңайындағы басқа таулардан биіктігімен және көркем келбетімен ерекшеленетін тау мағынасында қалыптасқан (Артықбаев, 2023).

Ал халық арасында Қарқаралы атауының шығу тегін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы Баян сұлудың сәлемдемеге берген баскиімінің жолай түсіп қалуымен байланыстыратын аңыз кең тараған.

Тарихшы С. Ақынжанов «Ортағасырлық Қазақстандағы қыпшақтар» атты еңбегінде таулардың қырлы-қатпарлы және жоталы сипаты Қарқаралы атауының қалыптасуына негіз болғанын жазады. Сонымен қатар ол «қырық рулы», «қыр-қырлы» және «Қарқаралы» сөздері арасындағы фонетикалық жақындыққа назар аударып, топонимнің түпкі негізінде «қырық рулы қазақтың бас қосқан жері» деген тарихи ұғым жатуы мүмкін деген пікір білдіреді (Ақынжанов, 1995).

А. Құмырзақұлы бұл атаудың қалыптасуын тарихи аңыздармен байланыстырады. Оның пайымдауынша, Қарқаралы тауларының алыстан қарағандағы бейнесі қазақ әйелдерінің дәстүрлі баскиімі – қарқараға ұқсайды. Зерттеуші «қарқара» сөзінің семантикасын «тәж» ұғымымен сабақтастырып, ертеде ел билеушілер мен хандардың баскиімінде қарқара болғанын атап көрсетеді. Осыған байланысты Сарыарқадағы бұл тау сілемдері алтын тәжге немесе қарқараға ұқсастығына қарай аталған деген тұжырым жасайды (Құмырзақұлы, 2024).

«Қарқара» атауының шығу тегін Шоқан Уәлихановтың «Ыстықкөл күнделігінде» жазылған аңызына негіздей сәукелеге қадаған үкілері, қауырсындары «қарқара» деп атаған пікірді алға қоятын жазушылар да бар (Қожырбайұлы, 2018). Ал ашық ғаламтордағы Халиди Құрбанғалидың еңбегінде: «Қарқара – көш кезінде қауырша, қалы немесе көш сырмағы жабылған бас түйенің үстіне орналастырылатын, ғұрыптық мәні бар, төрт бұрышына құс қауырсыны қондырылған құрылғының атауы. Дәстүрлі түсінікте «қарқара» көштің сәнін арттырады әрі керуенді тіл-көзден сақтайды деп есептеген», – деп жазылған. Алайда бұл еңбектің түпнұсқасы табылмады.

Сондай-ақ ашық ғаламтордағы жазбада: «М. Красовскийдің еңбегінде Қарқаралы тауларының кейбір шыңдары (төбелері) көші-қон кезінде түйеге артылатын «қарқара» деп аталатын кебежеге (түпнұсқада «ящик» делінген) ұқсас болып келетіндігіне байланысты аталған», – деп жазылған (бірақ бұл еңбек те біздің қолымызға түспеді). Арнайы жасалған төрт құлақты кебеже немесе орындық (орыс тілінде «табуретка») тәрізді жабдықты «харқаран» деп атағаны туралы мәліметті КСРО Ғылым Академиясының Қазақстанда жүргізілген экспедициясының құрамында болған этнограф Ф.А. Фиельструп Жетісу өңіріндегі қазақтардан белгілеп алған деген дерек бар. Википедияда жарияланған мәлімет, фотосуреттер этнограф, ғалым Б.Х. Кармышеваның еңбегінен деп көрсетілген. Фотосуреттегі аяқтары жоғары қараған орындық (түпнұсқа мәтінде «табуретка») тәрізді қарқараның төрт бұрышына қырғауылдың қауырсындары бекітілген. Көштегі соңғы түйеге байланған қарқараға жылқының қылын шоқтап бекітеді. Яғни қарқара көште жүк артылған барлық түйелерге байланған деген мәлімет берілген.

«Қарқара/Қарқаралы» атауының шығу тегін түсіндірген жазбалардың түп төркінін төмендегі бірнеше топқа бөліп көруге болады.

1. *Әйелдердің дәстүрлі баскиімі.* Қарқара – құс қауырсынымен сәнделген әйелдердің баскиімі (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2012). Шоқ қауырсын тағылған мұндай ғұрыптық мәні бар бұйымды көбіне әлеуметтік мәртебесі жоғары әйелдер мен қыздар киген. Бұл түсіндіру нұсқасы ғылыми және көпшілік әдебиеттерде кеңінен кездеседі.

2. *Құс атауы.* «Қарқара» атауы тырналар тобына жататын *Grus grus* (Linnaeus, 1758) ғылыми атаумен тіркелген сирек кездесетін тырна құсының (*demoiselle crane*) бір түрі. Моңғол тілінде ол «хархираа тогоруу», ал қырғыз тілінде «қарқыра» деп аталады. Құстың ерекшелігі ретінде мойнының артқы бөлігіндегі қара қауырсындары көрсетіледі. Осы белгіге байланысты құсқа «қарқыра» атауы берілген деген көзқарас бар. Әртүрлі деректерде бұл құс бүркіт, көкқұтан немесе қырғауылмен де шатастырылып көрсетілген.

3. *Көш басындағы түйеге артылған жүктің үстіне қойылатын кебеже.* Қарқара түйе қомына орнатылған кебеженің төрт құлағына тағылатын қырғауыл қауырсыны мен тырна мамығынан жасалған сәндік әшекей ретінде де белгілі. Осындай сән-салтанатпен көшкен көшті халық арасында «қарқаралы көш» деп атаған.

4. *Өсімдік атауымен байланысты түсіндіру.* Түркі тілдеріне туыстас тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі «калқари» сөзі «қызыл тал» ұғымында қолданылады. Осыған байланысты «Қарқаралы» атауы қызыл талдың мол өсуімен байланысты қалыптасқан болуы мүмкін деген болжам да кездеседі.

5. *Топонимдік түсіндіру.* Бірқатар зерттеушілер «Қарқаралы» атауын «қыр», «қырат», «тау», «жартас» тәрізді жер бедерін білдіретін көне атаулармен байланыстырады. Бұл көзқарас бойынша аталған топоним көне дәуірден келе жатқан жер бедерін сипаттайтын терминдермен түбірлес әрі семантикалық жағынан жақын болып келеді.

Ал біздің зерттеу нәтижелері жоғарыдағы бесінші пайыммен ішінара сәйкес келгенімен, өзгеше қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Шолу барысында жинақталған мәліметтерді қорытындыласақ, төмендегі зерттеу нәтижесі айқын көрінеді.

Кесте 1 – «Қарқаралы» атауын морфологиялық және семантикалық тұрғыдан талдау

Таблица 1 – Морфологический и семантический анализ наименования «Қарқаралы»

Table 1 – Morphological and Semantic Analysis of the Name “Qarqaraly”

Талдау	Негізгі мағына	Мысалы
Морфологиялық	Қарқара+лы → Қарқаралы Мұндағы -лы – «ие, қатысты, бар, байланысты» деген мағынаны білдіретін сын есім тудыратын жұрнақ.	тасты жер → тас + ты → тас бар жер сулы өзен → су + лы → суы бар өзен
Семантикалық	1. Қарқара – құстың басындағы әдемі қауырсын, әшекей. 2. Қарқара – таудың, төбенің шоқтығы, биік шыңы.	«Қарқарасы бар», «шоқтығы бар», «биік таулы жер» деген мағына береді. Тілімізде «Қарқарадай биік» деген тіркес бар.

Зерттеудің ғылыми-теориялық негізін күшейту мақсатында ғалымдардың заманауи тұжырымдары басшылыққа алына отырып, «Қарқаралы» атауының семантикалық мазмұны жан-жақты қарастырылды. Жүргізілген сараптама нәтижелері осы уақытқа дейін ұсынылған негізгі тұжырымдардың басым бөлігін растайды.

Кесте 2 – «Қарқаралы» атауын тілтанымдық теориялар тұрғысынан талдау

Таблица 2 – Анализ топонима «Қарқаралы» на основе лингвистических теорий

Table 2 – Analysis of the Toponym “Qarqaraly” Based on Linguistic Theories

Теориялық негіздер	Құрылымы және жұрнақ мағынасы	Сипаттамасы	Түсіндірмесі
К.Ш. Хұсайынның дыбысбейнелеуіш (ономатопеялық) сөздер теориясы бойынша талдау (Хұсайын, 1988)	Қарқара + -лы → Қарқаралы; -лы «бар, ие, қатысты» мағынасын береді. Сондықтан «Қарқарасы бар жер» деген ұғым туындайды.	Сөз құрамындағы дыбыстар белгілі бір бейне мен әсер тудырады. «Қарқара» сөзіндегі қатаң қ дыбысы мен үнді р дыбыстары биіктік, асқақтық, айқын көрініс әсерін береді.	Таудың биік шыңы қарқараға ұқсас болғандықтан, жер атауы сол бейнелік ұқсастық негізінде пайда болған.
Т. Жанұзактың ономастикалық және топонимжасам теориясы бойынша талдау (Жанұзақ, 2004; Жанұзақ, 2007)	Қарқара + -лы → Қарқаралы; -лы жұрнағы нысанның белгілі бір қасиетке немесе белгіге ие екенін білдіреді.	Топоним адамның қоршаған ортаны қабылдауындағы танымдық бейненің нәтижесі ретінде қалыптасады. «Қарқара» ұғымы халық санасында әсемдік, ерекшелік, биіктік және шоқтық бейнесімен ассоциацияланады.	Қарқаралы атауы табиғи нысанның сыртқы пішінін халықтың дүниетанымы арқылы бейнелеу атауынан туған. Яғни тау жоталары мен шыңдарының қарқараға ұқсастығы негізінде қалыптасқан когнитивтік-бейнелі топоним.
Ә. Қайдардың этнолингвистикалық теориясы, концепциялары бойынша талдау (Қайдар, 2014)	Қарқара + -лы → Қарқаралы; -лы «бар, ие, қатысты» мағынасын береді.	«Қарқара» қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі сәндік бұйым, әлеуметтік мәртебе мен сұлулықтың белгісі ретінде ұлттық танымда орныққан.	Топоним жер бедерін ғана емес, халықтың сәндік бұйым бейнесі бар екенін көрсетеді. «Қарқаралы» – қарқара бейнесімен байланысты мәдени-этнографиялық атау болуы мүмкін.
Е. Қойшыбаевтың тарихи-топонимиялық теориясы бойынша талдау (Қойшыбаев, 1985)	Қарқара + -лы → Қарқаралы; -лы «бар, ие, қатысты» мағынасын береді.	«Қарқара» халық санасындағы «биіктік», «ерекшелік», «асқақтық» мағынасымен байланысты.	Қарқаралы атауы халықтың табиғи кеңістікті тануы нәтижесінде қалыптасқан атау болуы мүмкін.

Кестеде берілген деректер зерттеулердің көпшілігі белгілі бір бағыттағы көзқарастарға басымдық беріп, қалыптасқан пікірлерді қайталаумен шектелгенін көрсетеді. Сондықтан мәселені балама ғылыми ұстанымдар тұрғысынан қайта қарастыру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты ономастикалық талдау жүргізбес бұрын, «Қарқара/Қарқаралы» атауымен ұқсас басқа тілдердегі лексемаларға салыстырмалы талдау жасалды.

Басқа тілдердегі ұқсас лексемалар. Аталған атауды басқа тілдердегі ұқсас сөздермен салыстырып қарастырғанда төмендегідей нәтиже көрініс тапты.

Кесте 3 – «Қарқаралы» атауымен түбірі ұқсас, бірдей сөздер

Таблица 3 – Слова с одинаковым, схожим корнем онима «Қарқаралы»

Table 3 – Words Sharing the Same or a Similar Root as the Toponym “Qarqaraly”

Тіл	Сол тілдегі жазылуы	Латынша жазылуы	Мағынасы
Араб/Парсы	(غر غرة)	gharghara	1. Қайнатып шаю 2. Булыққан дыбыс шығару
Санскрит	(ककरी)	karkara	1. Қатты, тасты, бұдырлы
Ежелгі түркі	qarqara	qarqara	1. Қауырсынды тәж, әшекей
Алтай тілдері (тува, саха, хакас)	kharkhiraa	xarxara	1. Күркіреу 2. Жарқырау
Ежелгі грек тілі	gargarus	gargarus	1. Жағалаудағы күркіреген дыбыс 2. Күркіреу, сарылдау
Латын тілі	garganta	garganta	1. Тамақтың қырылдауы 2. Қырылдаған дыбыс

Итальян тілі	<i>gargano</i>	<i>gargano</i>	1. Ақырған дыбыс (шығу тегін латын тілінің «garg – күркіреу, жарлау» деген сөзден шыққан деп көрсетеді.)
Моңғол тілі	<i>хархирах</i>	<i>kharkhirakh</i>	1. Күркіреу, сарқырау 2. Тамақты қырылдатып дыбыс шығару
Қазақ тілі	қарқырау	<i>qarqirau</i>	1. Тамақты күшпен қысып дыбыс шығару

Басқа тілдердегі «қарқара» сөзіне түбірлес атаулардың басым бөлігі гүрілдеу, сарқырау, булығы тәрізді табиғи дыбыстарды бейнелеу үшін қолданылады. Бұл лексемалардың барлығында *kar-/qar-/har-/ghar-* сияқты ежелгі түбірлер жатыр. Латын, араб-парсы, үнді-иран, түркі және алтай тілдерінің бірқатарында аталған түбірлер дыбыстық құбылыстарды, соның ішінде гүрілдеу, қарқырау немесе қатты үн шығаруды білдіреді. Кейбір тілдерде олардың семантикасы «қатты», «берік», «нык» ұғымдарымен де сабақтасып жатады.

Қазақ тілінде «қақырыну», «қақыру» сөздері бүгінге дейін қолданыста сақталған. Сонымен қатар Алтай және Қобда өңірі қазақтарының тілдік қолданысында «қарқырап сөйлеу», «қақырынба» тәрізді тілдік бірліктер кездеседі. Бұл сөздер адамның дөрекілеу немесе жағымсыз үнмен сөйлеуін білдіреді.

Моңғол, тува, алтай, саха, якут ұлттарының көпдауысты ән айтатын «хөмий» деген дәстүрлі өнері бар. Бұл әнді бір орындаушы бір мезетте екі немесе одан да көп дыбысты қатар шығара отырып орындайды. Осы хөмийдің «өте төмен, қоңыр, терең үнмен» дыбыс шығаратын бір түрін моңғолдар «хархираа хөмий (қарқырау)» деп атайды. Бұл салт-дәстүрдің шығу тегін табиғатпен етене өмір сүрген көшпелі халықтар желдің гуілі, судың сылдыры, аң-құстың дауысы секілді табиғи дыбыстарды еліктеу арқылы бұл ерекше ән айту тәсілін қалыптастырған деп түсіндіреді. Моңғол хөмий ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген. Мұндай көмеймен ән салу өнері қазақ халқында да бар. Қазақ халқы ежелден көмей, жұтқыншақ және ауыз қуысындағы ауаны алуан түрлі пайдалану арқылы әртүрлі дыбыстар шығарып, әртүрлі музыка аспаптарында ойнаған. Барлығында тынысты ерекше бақылау мен дауысты шебер меңгеру қажет.

Қарқара/Қарқаралы атауына ұқсас жер-су атауларының таралуы. Зерттеу нәтижесі бойынша «Қарқаралы» атауымен түбірлес 18 жер-су атауы анықталды. Тек Ауғанстанның өзінде *qargh* түбірлі 24 түрлі қала-қалашық атауы айшықталды. Олардың көбісі сол маңдағы таулардың атымен аталған.



Сурет 1 – «Қарқара» сөзімен түбірлес топонимдердің таралу кеңістігі
Рисунок 1 – Распространение топонимов, имеющих общий корень со словом «Карқара»
Figure 1 – Distribution of Toponyms Sharing the Root “Qarqara”

Кесте 4 – «Қарқаралы» атауымен түбірлес жер-су атаулары

Таблица 4 – Географические названия, имеющие общий корень с топонимом «Қарқаралы»

Table 4 – Geographical Names Sharing the Same Root as the Toponym “Qarqaraly”

<i>Жер-су атаулары</i>	<i>Мемлекеті, аймағы</i>	<i>Тілі</i>	<i>Географиялық сипаты</i>	<i>Мағынасы</i>
Qarqara (Қарқара)	Қазақстан, Алматы облысы	қазақ	Өзен алқабы	әшекейлі баскиім
Karkaraly / Қарқаралы	Қазақстан, Қарағанды	қазақ	Тау және ұлттық парк, қала	әшекейлі баскиім
Karkar / Qarqarah	Қырғызстан, Ыстықкөл маңы	қырғыз	Тау және тау аңғары	тырна атауы
Kharkhiraa Хархираа	Моңғолия, Увс аймағы	моңғол	Тау және өзен атауы	күркіреген, арқыраған дыбыс
Kharkhara / Harkhara	Ресей, Тува Республикасы	тува	Таудағы шағын өзен атауы	сарқыраған дыбыс
Karkar	Ауғанстан (Бадахшан, Кундуз маңында)	перс / пушту	Өзен атауы	судың дыбысы
Qarqarah	Сауд Арабиясы, Хиджаз аймағы	араб	Өзен және шағын қала атауы	отырықты орын, сулы жер
Al Qararah	Йеменнің Najjah аймағында	араб	Тау шатқалындағы ауыл атауы	тұрақты, отырықты
Qarqur	Сирияның Нама провинциясы	араб	Ауыл атауы, Оронтес өзеннің жағасында	Мағынасы табылмады. Ұқсас мағына – «жыра» сөзі.
Karkar	Ирак	араб	Ежелгі қала, қазір жоқ. Өзен жағасында орналасқан.	мағынасы белгісіз
Qarqar	Азербайжан, таулы Карабак,	түркі	Таулы Карабак аймағында Qarqar / Gargar / Herher атаулы бірнеше ауыл бар.	судың күркіреун бейнелеген оним
Qarqarçay	Азербайжан	түркі	Кура өзеніне құятын өзен	ағыны қатты, шуылдаған
Gharghara	Таджикстан, Хатлон аймағында	иран	Тау шатқалында, өзен бойында орналасқан ауыл атауы	су сарқырау
Gargar	Армения, Лори аймағында	армян	Тау шатқалында, шағын өзен бойындағы ауыл	судың дауысы
Gargano	Италия, Пулия аймағы	итальян	Таулы, биік жағалы ұлттық парк	дыбыс жаңғыратын таулар
Gargar	Иран, Хузестан аймағы	иран	Тау шатқалында, шағын өзен бойындағы ауыл	су сарқырау
Gargara	Түркия, Çanakkale аймағы	грек	Ежелгі Грек, қазіргі Түркиядағы мұхит жағасындағы ежелгі қала аты. Қазір жоқ	таудың желі, желдің жаңғырыққан дауысы
Gargaron	Түркия, Çanakkale аймағы	түркі	Тау атауы	терең шатқал, аңғар

Жоғарыдағы атаулар, яғни *kar-/qar-/har-/ghar-* түбірі бар топонимдік атаулардың көбісі өзен немесе тау атауларында кездеседі және елді мекен атауларында көп пайдаланылған.

Аталған онимнің этимологиялық және салыстырмалы-лингвистикалық талдауы көптеген тілде «Қарқаралы» атауымен түбірлес сөздердің кездесетінін көрсетті. Бұл сөздердің басым бөлігі табиғи дыбыстарды, атап айтқанда, гүрілдеу, сарқырау, қарқырау немесе қатты үн шығару құбылыстарын бейнелеумен байланысты. Осыған орай аталған лексемалардың белгілі бір бөлігі парсы тілі арқылы түркі тілдеріне енген болуы мүмкін деген болжам жасауға негіз бар.

Екіншіден, жер-су атауларын зерттегенде түбірлес жер-су атауларының таралуында кейбір заңдылықтар байқалады. Географиялық кеңістікті картографиялау барысында бұл түбір көбіне сыңғырлап ағатын шағын өзендердің атауларында кездеседі және аталған су атаулары тау шатқалында орналасқан. Тау шатқалындағы өзен ағысы күшті болса, сарқырамалар пайда болып,

күркіреген дауыстар пайда болып, тау шатқалындағы дыбыс жаңғырып өте алыстан естілетіні белгілі. Сондықтан осы зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып, бұл атаудың шығу тегін төмендегідей түсіндірдік.

Қарқара/Қарқаралы – судың дыбыс шығару ерекшеліктеріне байланысты пайда болған географиялық атау. Яғни ежелгі көшпенді халық судың ағу үніне сәйкес әртүрлі акустикалық құбылысты бейнелейтін етістіктерді қолданған. Кейін бұл табиғи құбылысты сипаттайтын етістік сөздер өзен-сулардың аты болып қалыптасқан. Сондай-ақ осы өзен-су атауларына сәйкес маңындағы тауларға немесе басқа да нысандарға атаулар берілген. Бұл оним өте ертеде қалыптасып, морфологиялық немесе жазылу тұрғысынан өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі түбірі сақталып, бүгінге жеткен.


Қазіргі қолданыстағы ең жақын сөз – «қарқырау, күркіреу» етістігі. Бұл сөзді түркітекес халықтар, қазақ және моңғол ұлттары бүгінге дейін қолданып келеді. Бұл лексема парсы тілінің غرغر (gharghar/gargar) сөзінен қазақ тіліне өткен болуы мүмкін. Бұл сөздің мағынасы: 1) қарқыраған, күркіреген, гүрілдеген үн; 2) судың қатты ағуы, тамақтағы немесе ішкі гүріл; 3) ағынды өзеннің, сарқыраманың сарыны сияқты өзара жақын үш мағынаны білдіретін дыбыстық еліктеуіш (ономатопеялық) атау. Парсы тілінде قرقار / قرقور (qarqur/qarqār) лексемасы (қарқылдаған, қарқыраған үн және құс дауысы немесе су гүрілі) «қарқырау» сөзіне фонетикалық тұрғыдан ең жақын.

Алайда тау шатқалындағы үлкен-кіші барлық өзен күркіреп, сарқырап ағатыны белгілі. Сондықтан онда барлық тау шатқалдарында өзен-су атауларында бұл оним неге қалыптаспаған, қолданысқа енбеген немесе сақталмаған деген сұрақ туындайды. Жоғарыдағы 18 жер-су атауының орналасқан орнын географиялық карта кеңістігінен қарасақ, олардың белгілі бір аймақтарда немесе қатынас жолдарының бойында, сондай-ақ жолдан оқшаулау орналасқан тау шатқалдарында шоғырланғанын аңғаруға болады.

Бұл сұраққа жауап беру үшін Қарқаралы тауының географиялық орналасуына назар аударсақ, жер серігінен алынған суреттен оның Сарыарқа жазығында Каспийден Алтайға дейінгі жолдағы негізгі бағыт-бағдар беретін тау екені байқалады. Сонымен қатар оның Іле Алатауынан Батыс Сібір жазығына дейінгі бағыттағы маңызды бағдарлық тау сілемдерінің бірі екені де айқын көрінеді (Қазақстан Республикасының ұлттық атласы. Табиғи жағдайлары мен ресурстары, 2010).

Географиялық орнына жақсылап мән берсек, ол төрт жақтан келген жауды алыстан бақылауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ шығысындағы суы мол Ертіс өзені арқылы қарсыласты тежеп тұруға қолайлы болған. Ал шегінуге мәжбүр болған жағдайда Қызылтау, Айыртау, Ерейментау және Мыржық сілемдерін паналауға мүмкіндік туғызған. Сондықтан бұл өңірдің көне тайпалар үшін қорғаныс және әскери әрекеттер жүргізуге қолайлы стратегиялық аумақ болғаны Сурет 2-дегі картадан анық байқалады.

Осы себепті мұнда адам қоныстары ерте кезеңдерден қалыптасқан. Өңірде көне қоныстанудың болғанын дәлелдейтін археологиялық құнды жәдігерлер де бар. Егер Қарқаралы көне тайпалар үшін қорғанысқа, қоныстануға және шаруашылық жүргізуге қолайлы өлке болмаған жағдайда, археологиялық мұралардың сақталуы екіталай болар еді. Сонымен бірге көшпелі қауымдар батыстан шығысқа, солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзақ қашықтықтарға қозғалған кезде саудагерлер, жолаушылар және елшілер Сарыарқа жазығында Қарқаралы тауын негізгі бағдар ретінде пайдаланып, межелі жеріне жеткен деп пайымдауға болады. Бұл тұжырым тарихшы С. Ақынжановтың «қырық рулы қазақтың бас қосқан жері» деген пікірімен де белгілі дәрежеде үндеседі.



Сурет 2 – Қарқара тауының географиялық маңыздылығы
 Рисунок 2 – Географическое значение горы Каркара
 Figure 2 – Geographical Significance of Mount Qarqara

Қарқаралы тауын бағдар ретінде пайдалану себебі Қарқаралы тауының өзінде емес, оның қойнауындағы таза сулы өзен-бұлақтармен, сондай-ақ маңында арқар, тау ешкісі және бөкендердің болуымен байланысты болуы мүмкін. Себебі біз зерттеген 18 терминнің басым бөлігінің төңірегінде арқар мен тау ешкісінің көп болғаны туралы деректер кездеседі. Қарқаралы тауының айналасында ащы және тұщы көлдер көп болғанымен, сыңғырлап ағатын мөлдір суы бар әрі аймақтағы жануарлардың негізгі су көзі саналатын Қарқаралы бұлағы айрықша маңызға ие.

Сондықтан Қарқаралы атауы тауға емес, таудан құлай аққан, күркіреп-сарқыраған өзенге немесе бұлаққа берілген атау болуы ықтимал. Кейіннен бұл атау тау атына ауысып, қандай ұлт болмасын түсінікті, географиялық ерекшелігіне сай топоним ретінде қалыптасып, сан ғасырлар бойы сақталған.

Алматы облысындағы Қарқара өзенінің де ежелгі тайпалар үшін маңызды стратегиялық нысан болғаны байқалады. Қарқара өзені, бір жағынан, шатқалмен, екінші жағынан, жазық даламен шектесіп жатқандықтан, мол әскерді тынықтыруға әрі бекініс ұйымдастыруға қолайлы болған. Қарқаралы тауы мен Қарқара өзені атауларының қалыптасу себептерін осы пайымдау негізінде түсіндіруге болады.

Әдебиетке шолуда аталған ғалымдардың тұжырымдарын талдай келе және зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бүгінге дейін ұсынылған түсіндірулерге қатысты өз пайымымызды ұсынуды жөн көрдік. А. Әбдірахмановтың құс атауына байланысты пікірі нақтылауды қажет етеді деп ойлаймыз. Себебі Қарқара тырнасы (*Grus grus*) – өте сирек кездесетін жыл құсы және бұл құстың тіршілік етуге қолайлы ортасы Қарқаралы тауының табиғатына сәйкес келмейді. Мұны арнайы географиялық зерттеу арқылы анықтауға болады. Сондай-ақ қазақ халқы өзі қастерлеген бүркіт, сұңқар, қаршыға қатарлы құстарға жер-су атауын көп бермеген. Сондықтан үлкен бір тауды көшпелі халықтың тұрмыс тіршілігі үшін маңызы аз құс атауымен атады деп санау күмән тудырады.

Ал В.М. Иллич-Свитыч, Ж. Артыкбаев және А. Жартыбаевтың халық аңыздарына негіздеп түсіндірген «қар+қара+лы – биік таулар мен қырат, жота, шыңдары бар жер» деген тұжырымын ішінара қолдаймыз. Түркі, қазақ және моңғол көшпенділері жер-су атауларын қалыптастыруда табиғи түсіне қарай сипаттау тәсілін кеңінен қолданған. Қара, көк, ақ және басқа да түстер арқылы берілген атаулар көп кездеседі. Осы тұрғыдан қарағанда, атауды мұндағы «қара» компонентімен байланыстыруға негіз бар.

Ал «қыра» сөзімен сабақтастыру жеткілікті дәрежеде дәлелденбеген және бұл көзқарас Қарқара өзені атауының қалыптасуын түсіндірумен үйлесе бермейді. Сонымен қатар «қырат» ұғымы әр халықтың тілінде әртүрлі аталады, Қарқаралы атауына сәйкес келмейді. Сондықтан бұл түсіндіруде белгілі бір қарама-қайшылық байқалады.

Ал Э.М. Мурзаевтың бұл атауды «гора», яғни «тау» сөзімен байланыстыруы нақты

тұжырымнан гөрі болжам сипатында берілген деп пайымдауға болады. Мұны жанама түрде растайтындай дерек ретінде Ресей аумағында *kar-/qar-/har-/ghar-* түбірлерінен қалыптасқан атаулар анықталмады. Кездескен бірен-саран топонимдер Моңғолия шекарасына жақын өңірлерде және Тыва Республикасының аумағында орналасқан.

Халық арасында кең тараған баскиімге байланысты пікірге келетін болсақ, қазақ халқында қауырсынмен әшекейленген, төбесі биік, шашақты, салтанатты әйел баскиімі болғаны белгілі. Алайда бұл көзқарасты тереңірек қарастыру қажет. Қазіргі еңбектердің бір бөлігі қазақтың дәстүрлі мәдениетін, көшпелі өмір салтын және мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпын толық ескере бермейді. Яғни тарихи көне топонимдерді қарастырғанда кеңестік кезеңде қалыптасқан, ұлттық ерекшеліктерді екінші кезекке қойған ғылыми еңбектерден гөрі, мәселені қазақтың байырғы мәдени-танымдық негіздерінен бастаған жөн.

Ашық интернет-дереккөздерде бейнеленген, түйенің үстіне орналастырылатын, ғұрыптық мәнге ие әрі төрт бұрышына құс қауырсыны тағылған құрылғы ретінде түсіндірілетін нұсқаны негізді деп санауға болады. Қазақ халқында мұндай рәсімдік мәнге ие кебеженің болғаны анық. Дегенмен бұл мәселе жеке бағыттағы ізденісті қажет етеді. Осы бұйым Қарқаралы тауының атауына негіз болды деуге дәлел жеткіліксіз. Себебі аталған ғұрыптық зат кейінгі кезеңдерде пайда болған, ал бұл өңірді адамдар сан ғасыр бойы мекендеген. Көне дәуірде осы тауды қоныстанған қауымның оған атау бермеуі мүмкін емес. Сондықтан қазақы қарқара кебежесі мен Қарқаралы топонимінің арасында тікелей байланыс болмауы ықтимал деген тұжырым жасауға болады.

Жалпы алғанда Қарқаралы – Алтын адам, археологиялық құнды жәдігерлер табылған орын. Қарқаралы петициясының да тарихта алар орны ерекше. Атыраудан Алтайға дейінгі ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан Арқаның алтын күмбезі болғандықтан, Қарқаралы топонимінің қалыптасу негізін өте көне кезеңдерден іздеген жөн. Сондай-ақ оны ономастикалық және этимологиялық тұрғыдан өзге тілдердегі ұқсас сөздермен салыстыра қарастыру неғұрлым тиімді болмақ. Яғни бұл топонимнің төркінін Қазақстан аумағымен ғана шектемей, парсытілдес елдердің лексикасымен, сондай-ақ араб және ағылшын тілдеріндегі атаулармен салыстыра отырып қарастырған абзал.

Қорытынды

Қарқара/Қарқаралы – Қазақстан аумағында тоғыз түрлі нысан атауы ретінде қолданылып келе жатқан көне топонимдердің бірі. Оның мағынасы ғалымдар тарапынан бес түрлі болжам негізінде түсіндіріледі. Осы мақалада Қарқара/Қарқаралы атауы «су қозғалысын, ағынның дыбыстық сипатын білдіретін етістіктен қалыптасқан» деген ғылыми тұжырым ұсынылады. Табиғи құбылысты сипаттайтын бұндай сөздер ерте кезде пайда болып, әр тілдің әліпбиі, грамматикасына қарай әртүрлі жазылғанымен, негізгі мағынасын сақтап келген.

Лингвогеографиялық талдау нәтижесінде Қарқара/Қарқаралы атауымен түбірлес және мағыналық жағынан сабақтас 18 топонимнің әлемнің 15 елінде кездесетіні анықталды. Олардың географиялық таралу аймағы негізінен Таяу Шығыс, Арабия түбегі және Орта Азия өңірлерінде шоғырланған. Бұл жағдай аталған түбірдің тарихи-географиялық кеңістікте өте ертеден қолданыста болғанын және әртүрлі халықтардың тілдік қорында сақталғанын көрсетеді.

Осылайша, Қарқара/Қарқаралы атауының лингвогеографиялық табиғатын кешенді түрде зерттеу түркі және әлемдік топонимиядағы көне атаулардың қалыптасу заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Болашақта түбірлес топонимдердің тарихи жазба деректер, археологиялық материалдар мен салыстырмалы-тарихи тіл білімі негізінде жан-жақты қарастырылуы бұл ғылыми болжамның дәйектілігін одан әрі нақтылай түсері сөзсіз.

Әдебиеттер

- Ақынжанов С. Ортағасырлық Қазақстандағы қыпшақтар. – Алматы, 1995.
 Артықбаев Ж. Қарқаралы басында жалғыз арша // *Qazaqstan tarihy*. [Электронды ресурс]. – <https://e-history.kz/kz/news/show/339213> (Пайдаланылған күні: 25.01.2026).
 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975.
 Әрінұлы А. Атақоныс – Арқадағы – шежірелі Қарқаралы: шежіре, тарихи әңгімелер, естеліктер. – Алматы: Дәуір, 2003. – 224 б.

- Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия» баспасы, 2004. – 128 б.
- Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы: атаулар сыры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков. – Москва: Наука, 1971.
- Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. II том. Солтүстік Қазақстан облысы. /Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі, РМҚК Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры/. – Алматы, 2004.
- Қазақстан Республикасының ұлттық атласы. Табиғи жағдайлары мен ресурстары. I том. – Алматы, 2010. – 131 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. II том. – Алматы: РПК «СЛОН», 2012.
- Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. I-IV томдар. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014.
- Қалымқұлов Р. Ертіс-Кереку өңірінің әкімшілік-аумақтық құрылысының жалпы тарихы және елді мекен атаулары (XVIII – XXI ғғ). – Астана, 2008.
- Қожырбайұлы М. Қарқараға жаның жеткенше, шыда, бауырым // Abai.kz [Электронды ресурс]. – <https://abai.kz/index.php/post/68700> (Пайдаланылған күні: 25.01.2026).
- Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттарының сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985.
- Құмырзақұлы А. Тарихы тылсым Қарқаралы // Qazaqstan tarihy. [Электронды ресурс]. – <https://e-history.kz/kz/projects/show/23109> (Пайдаланылған күні: 25.01.2026).
- Мазаржанова Қ.М. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің рекреациялық жағдайы // «Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру жаңа даму кезеңі» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – 2018. – 272-275-бб.
- Мурзаев Э.М. Природа Синьцзяна и формирование пустынь Центральной Азии. – Москва: Наука, 1966.
- Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1989.
- Сыздықов С.М. Қарқаралы-Қазылық: ғылыми-танымдық кітап /ҚР Мәдениет және спорт министрлігі/. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2015. – 302 б.
- Хұсайын К.Ш. Қазақ тіліндегі дыбысбейнелеуіштік сөздер номинациясы: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1988.

References

- Abdirahmanov, A. (1975) Toponimika zhane jetimologija. Almaty: Gylym. [Abdrakhmanov, A. (1975) Toponymy and etymology. Almaty: Gylym.] (in Kazakh)
- Aqynzhanov, S. (1995) Ortagasyrlyq Qazaqstandagy qypshaqtar. Almaty. [Akynzhanov, S. (1995) The Kipchaks in Medieval Kazakhstan. Almaty.] (in Kazakh)
- Arinuly, A. (2003) Ata qonys – Arqadagy shezhireli Qarqaraly: shezhire, tarihi anggimeler, estelikter. Almaty: Dauir, 224 b. [Arinuly, A. (2003) Ancestral Homeland – Historic Karkaraly of Saryarka: Genealogies, Historical Narratives and Memoirs. Almaty: Dauir, 224 p.] (in Kazakh)
- Artyqbaev, Zh. (2023) Qarqaraly basynda zhalgyz arsha. Qazaqstan tarihy [Jelektrondy resurs]. – <https://e-history.kz/kz/news/show/339213> (Paidalanylgan kuni: 25.01.2026). [Artykbayev, Zh. (2023) A Lone Juniper on the Peak of Karkaraly. Qazaqstan tarihy [Electronic resource]: <https://e-history.kz/kz/news/show/339213> (date of Use: 25.01.2026).] (in Kazakh)
- Husajyn, K. (1988) Qazaq tilindegi dybysbejneleuisthtik sozder nominacijasy: filol. gyl. dokt. ... dis. Almaty. [Khussaiyn, K. (1988) Nomination of Sound-Expressive Words in the Kazakh language: philol. doctor of science ... dis. Almaty.] (in Kazakh)
- Illich-Svitych, V.M. (1971) Opyt sravnenija nostraticheskix jazykov. Moskva. [Illich-Svitych, V. (1971) An Attempt at Comparing Nostratic Languages. Moscow.] (in Russian)
- Mazarzhanova, Q. (2018) Qarqaraly memlekettik ulttyq tabigi parkining rekreacijalyq zhagdajy. “Seifullin oqulary-14: Zhastar, gylm, innovacijalar: cifrlandyru zhanga damu kezengi” atty respublikalyq gylmi-teorijalyq konferencijanyng materialdary. 272-275-bb. [Mazarzhanova, Q. (2018) Recreational Conditions of Karkaraly State National Natural Park. Materials of the Republican scientific and theoretical conference “Seifullin Readings-14: Youth, Science, Innovation: Digitalization is a new stage of development”. Pp. 272-275.] (in Kazakh)
- Murzaev, Je. (1966) Priroda Sin`czjana i formirovanie pustyn` Central`noj Azii. Moskva. [Murzayev, E. (1966) The Nature of Xinjiang and the Formation of the Deserts of Central Asia. Moscow.] (in Russian)
- Ortalyq Qazaqstannyng zher-su attary (1989) Almaty: “Gylym” baspasy. [Place Names of Central Kazakhstan. (1989) Almaty: “Gylym” Publishing House.] (in Kazakh)
- Qajdar, A. (2014) Gylymdagy gummyr. T. I-IV. Almaty: “Sardar” baspa uji. [Qaidar, A. (2014) A Life in Science. Vol. I - IV. Almaty: “Sardar” Publishing House.] (in Kazakh)
- Qalymkulov, R. (2008) Ertis-Kereku ongirining akimshilik-aumaqtyq qurylysynyng zhalpy tarihy zhane eldi meken ataulyry (XVIII-XXI gg.). Astana. [Kalymkulov, R. (2008) Administrative-Territorial Development and Settlement Names of the Ertis-Kereku Region (18th–21st Centuries). Astana.] (in Kazakh)
- Qazaqtyng jetnografijalyq kategorijalary, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2012) T. II. Almaty: SLON. [Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Terms. (2012). Vol. II. Almaty: SLON.] (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasynyng geografijalyq ataularynyng memlekettik katalogy. (2004) II tom. Soltustik Qazaqstan oblysy. Almaty. [State Catalogue of Geographical Names of the Republic of Kazakhstan. (2004) Vol. II. North Kazakhstan Region. Almaty.] (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasynyng Ulttyq Atlasy. Tabigi zhagdajlary men resurstary. (2010) T. I. Almaty, 131 b. [National Atlas of the Republic of Kazakhstan. Natural Conditions and Resources. (2010) Vol. I. Almaty, 131 p.] (in Kazakh)

Qojshybaev, E. (1985) Qazaqstannyng zher-su attarynyng sozdigi. Almaty: Mektep. [Koishybayev, Ye. (1985) Dictionary of Place Names of Kazakhstan. Almaty: Mektep.] (in Kazakh)

Qozhyrbajuly, M. (2018) Qarqaraga zhanyng zhetkenshe, shyda, bauyrym. Abai.kz [Jelektrondy resurs]. – <https://abai.kz/index.php/post/68700> (Paidalanylgan kuni: 25.01.2026). [Kozhyrbaiuly, M. (2018) Endure Until You Reach Karkara, My Brother. Abai.kz [Electronic resource]: <https://abai.kz/index.php/post/68700> (date of Use: 25.01.2026).] (in Kazakh)

Qumyrzaquly, A. (2024) Tarihy tylsym Qarqaraly. Qazaqstan tarihy [Jelektrondy resurs]. – <https://e-history.kz/kz/projects/show/23109> (Paidalanylgan kuni: 25.01.2026). [Qumyrzaquly, A. (2024) The Historical Mystery of Karkaraly. Qazaqstan tarihy [Electronic resource]: <https://e-history.kz/kz/projects/show/23109> (date of Use: 25.01.2026).] (in Kazakh)

Syzdyqov, S. (2015) Qarqaraly-Qazylyq: gylymi-tanymdyq kitap. Astana: Foliant, 302 b. [Syzdyqov, S. (2015) Karkaraly-Kazylyk. Astana: Foliant, 302 p.] (in Kazakh)

Zhanuzaq, T., Rysbergen, Q. (2004) Qazaq onomastikasy: zhetistikteri men bolashagy. Almaty: Azija, 128 b. [Zhanuzaq, T., Rysbergen, Q. (2004) Kazakh Onomastics: Achievements and Prospects. Almaty: Aziya, 128 p.] (in Kazakh)

Zhanuzaq, T. (2007) Qazaq onomastikasy: ataular syry. Almaty: Dajk-Press, 524 b. [Zhanuzaq, T. (2007) Kazakh Onomastics: The Secrets of Names. Almaty: Dyke-Press, 524 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.